

Журналистика факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сағатбек Медеубекұлының 60 жас мерейтойына орай өткізілген

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ЗАМАНСӨЗДЕГІ ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ
ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК»** атты
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, Қазақстан, 3 қараша, 2018 жыл

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-практической конференции
**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: НАУЧНАЯ ПУБЛИЦИСТИКА И
ЖУРНАЛИСТСКОЕ МАСТЕРСТВО»**,
приуроченной к юбилейному мероприятию,
60-летию декана факультета журналистики,
кандидата филологических наук, доцента Сағатбека Медеубекұлы
Алматы, 3 ноября 2018 года

Ғылыми редактор:
Филология ғылымдарының докторы **Рамазан А.Ә.**

Жауапты редактор:
аға оқытушы **Данаева Н.Т.**

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ЗАМАНСӨЗДЕГІ ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТІК ШЕ-
БЕРЛІК» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары/Жауапты редактор
Данаева Н.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 143 б.

ISBN 978-601-04-3675-6

Бұл жинаққа филология ғылымдарының кандидаты, доцент, журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлының 60 жас мерейтойына орай өткізілген «Рухани жаңғыру: Замансөздегі ғылыми стиль және журналистік шеберлік» атты конференция материалдары топтастырылған. Ғалымдар мен докторанттардың, студенттер мен магистранттардың, жазушылар мен елімізге танымал тұлғалардың ғылыми мақалалары мен жүрекжарды лебіздері енгізілген.

ISBN 978-601-04-3675-6

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

ҚАТАРЛАСТАР БАҒАСЫ

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ
ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты

АСПАНТАУ РУХЫНЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

Біздер биыл алпыстың асқарына шықтық. Құдай көп көрмесін! Қасиетті қазақ өлеңінің өрісінде жүрген Қасымхан, Әбубәкір, Мәди, Сағатбек, Ғайсағали бастаған менің құрдастарым ағалықтан абыздыққа беттеді.

Осы менің қатарларымның ішіндегі «сегіз қырлы, бір сырлысы» сөз жоқ, Сағатбек Медеубекұлы. Оның өнер зерттеуші, ғалым, ұстаз, сазгер, ақын екенін көзіқарақты қауым, қазақ қоғамы жақсы біледі. Ал менің жаныма азамат Сағатбек, дос Сағатбек, қайраткер Сағатбек әлдеқайда жақын. Өн бойынан адамдықтың, адалдықтың ақ шуағы есіп, кейде баладай еркелеп, кейде қазыналы қариядай ойға шомып, ал **енді шешім** шығарар сәтте кісіліктің сөзін кесіп айтатын азамат дос!

Онымен араласқан сәтте нұрлы бір әлемге кезігесің. Сол әлем осы ақын құрдасымен жақындатып, жаныңды туыстырып жібергенін өзің де байқамай қаласың. Себебі, ол өмірде де, өлеңде де жүрегінің сөзін айтады.

Біз, мың құбылған бояулар арқылы рухымыздың тазалығын, жанымыздың жарасымын жырдан табамыз. Болмысқа барлау жасап, өмірімізге үндестік іздесек, таңғы шыққа шомылған құстардың дауысындай, алқынған ақ бұлақтың арынындай, шолпының сыңғырындай бір әдемі күй жан дүниенді баурайды. Өлең құдыреті деген осы. «Лирика-поэзияның поэзиясы» – деген Белинскийдің тұжырымы бар. Соны Абайша айтсақ: «сыңғырлап өңкей келісім»...

Сөз жоқ, Сағатбек Медеубекұлы – азаматтық лириканың ақыны. Отан, туған жер, бабалар аманатына адалдық, ұрпақ алдындағы жауапкершілік ақын өлеңдерінің негізін құрайды. Эпикалық кең тынысы, қазақтың ұлан байтағын сүйген жүрегі, кешегі ақ сақалды абыздардың аманатына адалдық -оның шығармашылығының өлмес өзегі де. Біз екі ғасырды, екі қоғамды, екі формацияны көрдік. Көріп қана қойған жоқпыз, сол өзгерістерді жан жүрегімізден, жүйкемізден өткіздік. Әйтпесе, Сағатбек Албан Асан, Сәдіқожа, Көдектен бастап, Мұқатай Жылқайдаровқа дейінгі Аспантаулар өңірінің дүлдүлдері мен бұлбұлдарының мұрасын жаяу- жалпы жүріп іздер ме еді?! Мынау көкайыл қатынның мінезіндей қуаяқ заманда ол еңбегін кім ұғып, кім түсініп жатыр?!.

Зейнеті аз бейнетті оған тағдыры аманат еткен. Ақындық жүрегі **«арым – жанымның садағасы»** деп **бүлкілдейтін Сағатбек** достың ғұмырындағы ең үлкен атағы осы мақалаға мен тақырып етіп қойып отырған «Аспантау рухының шырақшысы» шығар, сірә!

Иә, одан артық абырой да, атақ та керегі жоқ саған, досым, құрдасым, бауырым. «Бәрі өтеді» - депті бір философ ғұлама. Сол айтқандай, бәрінің өтетінін ерте білген соң да сен ең алдымен арыңды, абыройыңды ойладың. «Рухтың шырақшысы» деген атақ сен алпысқа келгенде жарық көргелі тұрған «Қара жер - қарашығым» атты, Тұма-ағамша айтсам, «әйбат жинағыңның» алғысөзін жазып отырған тұста менің аузыммен айтылды, құрдас!

Бұл мәңгілікке баратын атақ, құтты болсын!

Әй, бірақ, Сағатбек **достың атақпен** шатағы жоқ. Біраз шәкірттері, іні қарындастары ғылым докторлығын қорғап **жатқанда, Сағатбек** «ақырын жүріп, анық басыпты». **Жұмысы** дайын болып, кезегін күтіп жүргенде ол ғылыми атақ келмеске кетті. Ал біз үшін **доқ** көрсетер докторыңнан да, арзымайтын академигіңнен де кәнігі, кәсіби кандидат Сағатбегіміз он есе артық.

...жаратса Алла солай, қайтем енді,

Алданған аңғал болдым ай төбелді.

Ұрлаған ұры заман ұяттарым,

Сол күні ұрпағыма қайта ма енді?!-дейді Сағатбек ақын. Осы жалғыз шумақта жұдырықтай ғана жүрегіңе батпан жүк артатын салмақ бар.

Ұры заман ұятымызды ұрласа, ардан ада қылса, жаның қалай жай тапсын!

Мейірім, пейіл, ізгілік атаулы ұлттың жәуһар қасиеттерін мен де қолыма шырақ алып, жанарымнан жас тамшылата жүріп іздегелі қашан!? Сен айтқан ұрланған ұяттар ұрпағымызға қайтар күн туса, алаңсыз ана жаққа аттана берер едік қой екеуміз.

Қазақ «Керуен айналса, ақсақ түйе алға шығады» дейді. Мынау әлем- жәлем, қызылды- жасылды жарнамалар заманы біртүрлі жанымызға жаттау ма қалай? Сағатбектің «Қайшылық», «Ауылдасқа хат», «Бұл кім?», «Бастау көрдім» секілді өлеңдері жақсылықтың жаршысындай, таңғы шықтың тамшысындай аяулы жырлар, арда сырлар.

Аспандағы Ай үнсіз,
Жер айналмас уайымсыз.
Кеудемдегі жүректің,
Білдіңіз бе жайын, Сіз?

Тамырымды тіліндер,
Жүрегіме кіріңдер.
Дүрсілімен, адамдар,

Бірге өмір сүріңдер! - дейді Сағатбек «Жүрек пен Жер жыры» өлеңінде. Бұл - адамзатқа тіл қату, адамдардың арын оятар арналы жыр, санаңа салмақ салар салиқалы сыр. Негізі, мұндағы ақын жырларының мұңы басым. Оны оқи отырып, көгөрайлы көктемді емес, қоңыр күздің **сұрғылт** аспанының астында сарыала жапырақтарды кешіп келе жатқандай күй кешеді екенсің. Бірде жаныңды тоңдырар, енді бірде жүректі жылытар жолдар аз кездеспейді мұнда. Меніңше, өлең деген де, қолтаңба деген **де, осылай** болуы керек шығар.

«Үзік ойлар», «Азаматқа ар бітсе», «Сайқал» секілді өлеңдер де діңі мықты, айтар ойы қорғасындай ауыр дүниелер қатарында.

Атағынан нар шөгер,
Әруағы жоқ үркітер.
Атақ емес, баршама ел
Ардан туған жыр күтер...

Бұл енді - ақынның кредосы, ұстанымы. (Сенікі - ардан туған жырлар, Сағатбек!)

Екінші бөлімдегі «Жүр бауырым, Қарқараға» толғауы жанары жарық дүние. Қара жердің апшысын қуырып көсілетін хас жүйріктей эпикалық **өлеңдер** дүниеге келгенде ақын құлашын кеңге сілтейді:

Қауырсын ғып жыр қададым,
Қанатына қыранның.
Жырларымды шындап әлі,
Шындарыңа шығармын.
Шуда бұлтты заңғарыңның,
Айбынынан айналдым.
Аршасы мен талдарыңның,
Тамырына байландым...

Бұдан артық қалай айтуға болады? Туған жерге деген перзенттік жүрек лүпілі өлеңнің әр жолында байқалып тұр.

Жалпы, Сағатбек дос - туған **жерін сүюдің** үлгісін көрсетіп келе жатқан азамат ақын. Сол сезім өлеңдеріне айна қатесіз көшірілген.

Осы жинаққа енген Сағатбек Медеубекұлының «Рахымрахан айтындары немесе қырдағы қырғындар» дастаны – құрылымы бөлек, айтары айқын, кесек дүние. Бұл шығармада отарлау саясаты кезіндегі опатты оқиғалар, алағай да бұлағай заман суреттері айқын көрініс табады. Автордың бұл тақырыпқа бару үшін көп ізденгені байқалады. Оны әр бөлімі тарихи шындығы бар түрлі оқиғаларды суреттеп, қырдағы қырғынды әр қырынан көрсеткенімен, сол қырғынды басынан кешкен, қорлық пен зомбылықтың ортасында ойраны шыққан ел тағдыры менмұңдалап, алдыңғы кезеңге шыға береді.

Анасы бала құшып аңырайды,
Оққа ұшқан жаралының жаны қайғы.
Жан алқымға келгенде қуыс кеуде,
Бірге туған бауырын танымайды.

Не деген заман, не деген суреттер. «Қырғынның қырық түрі өткен -ау, қырдағы бабалардың **басынан» дейсің** оқи отырып. Бұл дастан - қырдағы қырғындардың тарихи ақиқатын сана сүзгісінен, жүрек тамырынан өткізген ұрпақ сөзі, бұл - қазақ даласын қазақтың қанына бөктіргендерге қарата айтылған қарғыс жыры...

Ақынның балаларға арналған өлеңдерінде де сәби ұғымына сай, тағылым алар дүниелер баршылық. Осы тұста «Ботақан» өлеңін тұтас келтіруді жөн көрдім:

...Ботақан
Жотадан

түсем деп,
Тұна аққан

Бұлақтан
ішем деп,
Жайраңдай,
Тайраңдай
Жүгірді
Суға дөп
Тура кеп
Кідірді.

Жанарын тұныққа іркіді,
Бейнесін көрді де үркіді.

Балаларға арналған осы секілді жырлар үшінші бөлімде топтастырылыпты. Бүлдіршіннің танымын өсіретін, көкжиегін кеңейтетін дүниелер туындатуға Сағатбектің мүмкіндігі үлкен екен.

Мұқағали ағамыздың: «...Алпысқа келсек екен енді біздер» деп армандайтын жасына аңқылдап жетіп келіппіз, Сәке! Өлеңіңе де, өміріңе де бақ тіледім, құрдас, дос!

Нұртөре ЖҮСІП

«Айқын» газетінің Бас редакторы, публицист,
[Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері](#)

АЛТЫН САҚА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы, қаламгер ұстаз, ақын, тарихшы, тілші-баспагер Сағатбек Медеубек асқақ Алатаудың бір шыңына ендікпей шықты. Адам биікте отырып, еңіске көз салады, өткен-кеткенді де сол биікте ой елегіне салып, екшейді. Сағатбек етекке қараса, не көрер еді?

1. Қайсыбір жылы Сахаңның «Алатау» санаториясының іргесіндегі үйіне бір топ курстас достар топырлап бара қалғанбыз; есік алдындағы күркеде белі бұратылып, көзі кіртііп, кішкентай кәнден күшік жатыр екен, «е, мейман келді, бір тоятын болдым ғой» дегендей құйрығын бұлғандатып, бізге дәмете қараған. Үміттің шайын ішіп, алдымызға тартқан асынан дәм ауыз тиіп отырып, үйдегі кісінің қарасы көрінбегенге көңіл пәсейген. «Сахаң қайда?» деген сұраққа келіншегі «кеп қалады» деуден арыға бармай, қолдағы дәмдісінің бәрін дастарқанға шығарып, бәйек болып күткен. Сонымен, үш рет шай ішіліп, бір рет ет, оның артынан манти желініп, қожайынның жуыр маңда келе қоймайтынын сезгесін орнымыздан тұрғанбыз. Жігіттердің бірі «Сахаң қайда кетіп еді, келсе бізден сәлем айтарсың» деген. Үміт сыр бермей: – Кеген жаққа кетіп еді..., – деді. – Қашан? – 13-14 күн болып қалды... Алматының бір бұрышына кетіп, қазір кеп қалардай күтініп отырған достар күлкіге көмілген. Сыртқа беттеп бара жатып, «иесі болмаған соң, иттің де күтімі кетеді екен ғой» деп Сағатбектің үйінен апталап шығып кететінін әзіл-қалжыңға арқау еткенбіз. Сөйтсек, Сахаң кейде апталап, кейде айлап ел аралап кетеді екен. Онысы жастықтың желігі, серінің перілігі емес, таза ғылыми ізденіс – бүкіл Жетісу өңірінің жоғын түгендеу, барын байыптау болып шықты. Қазақ өнерінің іргелі зерттеушісі Ахмет Жұбанов еліміздің батыс және орталық өңірлеріндегі күй мұрасын талшығына дейін қалдырмай зерттеп, жүйелеп кеткен. Алаштың абызы Ақселеу Сейдімбек «Қазақтың күй өнері» деген сүбелі еңбек қалдырды. Бәрі бар, бәрі зерттелген тәрізді көрінгенімен Жетісу өңірінің күйшілік өнері кеңінен қарастырылмай қалғандай еді. Тіпті бәзбіреулер «Жетісуда күй қайдан болсын?» дегенге дейін кеудесін кере қарағанын білеміз. Енді осы қиғаш пікірге Сағатбек Медеубекұлы не дейді? «Күй өнері Батыста, Арқада, Қаратауда ғана дамыған, ал Жетісуда ақындық қана бар» деген қате пікір қалыптасқан болатын. Мысалы, менің атам күй тартатын. Бірақ ол күйді Құрманғазыдан, Дәулеткерейден немесе Сүгірден үйренген жоқ. Осы аймақтың күйшілерінен үйреніп, осы өңірдің күйін тартты. Жетісу өңірінде Қожеке Назарұлы деген мықты күйші болған. Ол 300-ден астам күй қалдырған. Оның 100-ге жуық ең таңдаулы күйін Жетісудың күйлері кітабына енгіздік. Қожеке Назарұлы ХІХ ғасырда патшалық Ресейдің отарлау саясатына наразы болып, патша әскерінің озбырлығына қарсы бірнеше рет бас көтерген. Осыдан соң оның артына түскен «приставтар» мен тілмаштар тыныштық бермейді. Ақыры, Жетісу **тауларынан** сая, жазығынан пана таба алмай, 25 шаңырақты алып, Қытай өтіп кетеді. Онда барғанда да жұртына жайлы қоныс таба алмай, Алтай өлкесіне, одан байыз таппай, Үрімжі аймағына, болмаған соң Текес өзенінің бойына тұрақтайды. Ол күйшілігімен қатар қол бастаған батыр болған. Ол кездегі азаматтарымыздың ұлттық рухы әлдеқайда биік болған. Бұл жерден шындық таппай, арғы бетке шындық іздеп кеткен

Қожеке онда да тыныштық көрмейді. 1865-1866 жылдары бұрқ ете қалған шаруалар көтерілісінен кейін жаппай қуғын-сүргін басталғанда, түрмеге қамалады. Оны 1881 жылы жотасын көмір шоғымен қақтап, азаптап өлтіреді. Жетісу өңірі одан басқа Ясын Мәмедінулы, Мергенбай Ерденұлы, Сауқынбек Шаханұлы сияқты көптеген күйшілерді дүниеге әкелген». Сағатбектің үй бетін көрмей, дала кезіп, көнеден жеткен күмбірдің соңында жүргені бекер болмай шықты. Ол Б.Мүптекеевпен бірге «Жетісудың күйлері», «Жетісу әуендері» атты екі кітапты 1998 жылы қатарынан шығарды. Бұл оның – зерттеушілік қыры. Біз оның итіне күліп жүрсек, ол біздің бейқам күйтімізге күлгендей екен...

2. Сахаң Кегеннің төріндегі Қарқарада туған. «Болар бала борбайын қасиды» деген қалмақ мақалы бар еді, сол тегін айтылмаса керек. Сағатбек жастайынан зерек, өнерге жақын, құймақұлақ болып өседі. 1916 жылғы Қарқара-Албандар көтерілісі туралы жастайынан естіп өскен Сағатбек Медеубекұлы туған өлкенің тарихын терең зерттеді. II Николай патша 1916 жылы «25 июнь жарлығын» шығарғаны белгілі. Қазақ даласынан 19 бен 45-тің арасындағы қазақ жастары майданның қара жұмысына алына бастағанда, Жетісудағы 16 болыс Албан руынан 40 мың адам тізімге ілігеді. Батыр бабалары Хангелді, Райымбек, Саурық батырлардың рухын жалғап, ел мен жерді қорғап қалу парызын Ұзақ, Жәмеңке, Тұрлықожа, Әубәкір, Жаңабай, Серікбай секілді азаматтар қолға алады. Халықтық кеңес құрылып, бірінші мәжілісі Дөңгелексаз деген жерде, екіншісі мен үшіншісі Қарқара жәрмеңкесінің бас жағында, бүгінде Ереуілтөбе деп аталатын жерде өтеді. Соның арқасында Ақбейіт тауының шығысында он алты болыс Албанның атқа қонған ерлері жиналды. 1882 жылы шыққан «Петербор келісімі» деген құжат бойынша қазақтың мың жылдық ата-қонысы екіге бөлінеді. Құлжа – Іле аймақтарын уақытша Қытайға қалдырып, бергі жағы Ресейдің меншігіне қарайды. Қытайдағы Құлжада екі полк казак-орыс әскері, екі пулемет ротасы, зеңбірек батареясы – барлығын қосқанда бес мың әскерден асатын Ресей армиясы тұрды. 1916 жылы күзде осы қарулы күш Құлжадан шұғыл түрде Жетісуға келіп, Жетісудағы Албандардың ұлт-азаттық көтерілісін басады. Байынқол, Текес, Қақпақ, Сарыжаз, Жалаңаш, Шәлкөде, Лабасы тауларына бекінген көтерілісшілерді тас-талқан етеді. 60 мыңдай ғана Албан жасақтары қарулы әскерге төтеп бере алмайды. Патшалық режимге қарсы тұрып, «Бала өлгенше, шал өлсін» деп аттан сала айқасқан сол есіл ерлердің белгісі – Ереуілтөбе деген жер еді. Сағатбек студент кезінде осы жерге белгі қойып, тарихи оқиғаны ел есінде жаңғырту жұмыстарының басы-қасында жүрді. 1980 жылы бірінші курста оқып жүргенде-ақ «Қазақ әдебиеті» газетінде «Мың сыр тұнған бір төбе» атты мақала жариялап, 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістің таңбалы тұсы – Ереуілтөбеге ескерткіш қою мәселесін көтерді. 1980 жылы көктемге салым бізді сол жерге ертіп барған. Ереуілтөбенің елдік рухты көтеруге келгенде керемет орын екенін сол кезде сезгенбіз. Осыдан екі жыл бұрын Қарқара көтерілісінің 100 жылдығы атап өтілді. Кеген өңіріндегі ірілі-ұсақты шараның бәріне ұйытқы болып Сахаң жүреді. Бұл оның – азаматтық келбеті!

3. Сағатбек Медеубекұлымен бірге оқыдық. Әскери борышын өтеп келіп, оқуға ынтығып келіп түскен сақа жігітті мен өзімше «Алтын Сақа» деуші едім. Университет қабырғасында жүргенде Сағатбек өнерімен көзге түсті. Студенттік кештерде «Он алты қызды» нәшіне келтіре орындағанда он жеті-он сегізінші қыздар сұлу да сырбаз жігітті түсінде көріп жүретін... Журфактың деканы Темірбек Қожекеев ағай журналистика факультетінде әдебиетшілер, драма, хор, домбырашылар үйірмелерін ашып, талантты жастар шоғырын өнер мен мәдениетке қоса баулыды. Сондай драма үйірмесінде Сахаң Сәкен Сейфуллиннің рөлін сомдады. Бойы болмаса, ойы да, сырт келбеті де Сәкенге келіңкірейтін Сағатбек бір жолы қазіргі Абылай хан даңғылын кесіп өтіп, осы күнгі Өнер академиясы орналасқан ғимараттағы ҚазГУ-дің корпусына асыға басып келе жатпай ма? Бір милиционер оны ұстап алып, аудиторияға алып келеді. Қолында – кісен. Темкең әлгі милиционерді «Совет студентінің қолына кісен салатын сен кімсің?» деп ит терісін басына қаптап, көз алдымызда сүмірейтіп жібергені бар. Сол күннен бастап, оқуды бітіріп кеткенше деканымыз Сағатбекті көрсе, «Әй, Сәкенім! Көшеден дұрыс өтіп жүрсің бе?» деп бір кеу-кеулеп алатын еді... Сағатбек бала күнінен құймақұлақ болған. Атасы да, әкесі де – күн сайын күмбірлете күй тартқан кісілер. Әкесі радиодан берілетін күйдің дауысын көтеріп, баласына тыңдатады екен. «Атам мен әкем тартқан күйлер құлағымда қалып қойған. Әкем өнерді жоғары бағалайтын. Ауылға артистер келсе, үйге әкеліп қондырып, өнерін тамашалайтын. Тіпті көрші елдердің өнерпаздары да келетін. Біздің ауыл Қырғызстанға жақын болғандықтан, қырғыздар жиі келіп тұратын. Бір күні балалар композиторы Ибрагим Нүсіпбаев бір топ шәкіртімен біздің ауылға келіп концерт қойды. Сол кезде «Ауылдың алты ауызын» айттым. Бұдан соң Ибрагим Нүсіпбаев мені өзімнен бірге алып, өнер жолына баулығысы келді. Бірақ оған әкем жібермеді» дейді бал дәурен балалығын еске алғанда Сахаң. Сол кезде өнер саласына кетсе, осы күні Қазақстанның белгілі бір өнер қайраткерінің қолын ала алмай, ара-тұра селфи жасағанымызға мәз болып жүрер ме едік?! Оқуды бітірген соң Сағатбек Алматыда қалды. Сол тұста

жаңадан ашылған «Өнер» баспасында екі жыл редактор болды. Білікті баспагер-редактор ретінде танымал. «Өнер» және «Ататек» баспаларында көптеген тарихи-танымдық, ғылыми-көпшілік кітаптар мен альбомдарға редактор болды. Баспа ісін меңгерген кәсіби маман ретінде қалыптасты. Одан кейін Ұлттық ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспиранты, қайтадан «Өнер» баспасында редактор, Әдебиет және өнер институтында лаборант, аға лаборант, кіші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер болып жемісті еңбек етті. Павлодардан Сахаңа хат жолдаймын. Ол да жауап хат жазады. Өзінің терме жанрына қызығып жүргенін, ел аузынан біраз терме жинағанын сөз етеді. «Ақыры қызықсаң, осы саланы түбегейлі қопарып, зерттесейші» деп ақыл айтқан боламыз. Өзімізге салса, қызыққан дүниеміз қазық қағылған жерде қалар еді. Сағатбек табандап отырып қазақтың терме өнерін зор биікке көтерді. Ұзақ жылғы ізденісі текке кетпеді, 1993 жылы сәуір айында «Ауыз әдебиетінің терме жанры» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. «Терме» атауы «тер», «теру» сөзінен, яғни шашылып жатқан жырларды бір жерге жинақтау, сондай-ақ бір жырдан ең қажетті асыл ойларды екшеп алу мағынасынан келіп шыққандығын ғылыми негіздеп берді. Өзі сол кезде Алматы облыстық «Жетісу» газетінде қызмет істеді. Талай журналистік іс сапарда жүрді. Алған тақырыбын терең зерттеді. Республикалық «Ана тілі» газетінде бөлім редакторы болып жүргенде Жарылқап Бейсенбай, Марат Қабанбай ағаларына ілесе жүріп, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге білек сыбана атсалысты. «Ана тілі» ұлт апталығында «Елтану» бөлімінің редакторы болды. 1997 жылдан журналистика факультетінде аға оқытушы, доцент, университеттің республикаға тарайтын «Қазақ университеті» газетінің Бас редакторы, факультеттің магистратура жетекшісі, деканның ғылым жөніндегі орынбасары, М.Сералин атындағы әдеби шығармашылық бірлестіктің жетекшісі, кафедра меңгерушісі, журналистика факультетінің деканы қызметтерін абыроймен атқарып, ұстаздық қызметтің бел ортасында жүр. Сағатбектің есімі ғалым санатында да ел-жұртқа жақсы мәлім. Оның көптеген ғылыми-танымдық кітаптары мен оқу құралдары және жүзге жуық ғылыми-публицистикалық мақаласы жарияланды. Бұл – Сахаңның ғалымдық қыры.

4. Жақында «Егемен Қазақстан» газетінде қызмет істеп жүрген курстас досымыз Әлісұлтан Құлманбадан ойда жоқта айырылып қалдық. Жаназа намазына қатысып, ақтық сапарға шығарып салу үшін Үлкендиқан ауылын бетке алып, жолға шыққанбыз. «Жол қысқарту» мақсатында сөз болсын деп Сахаңа «әңгіме айтыңыз» деп қолқа саламын ғой баяғы. – Сен айт! – Біздікі тыңдау ғой, – деймін. – Қазір айтудан тыңдау – маңызды. Осы күні тыңдай алмайтын қазақ көп, – деп сәл «пауза» жасады да сөзін сабақтады. – Өзің білесің, Жетісудың күйлерін көп зерттедім. Қай жерде ескінің адамы, көненің көзі болса, сонда барып, жазып алуға ұмтылдым. Бүгінде күйді жөндеп тыңдайтын, түсінетін қазақ қалмай барады. Күйді тыңдай алмаса, түсінбесе, ол – қазақ емес. Қазақтар «домбырада кие бар» деп түсінген. Оны төріне қойып, дауысына, дыбысына құлақ түріп, күйшілерді ерекше құрметтеген. Өйткені күй құдіретті, қадірлі. Сол себепті күйді кез келген адам тарта бермейді. Алла Тағала күйшіге ерекше қабілет пен дарын берген. Күй күмбірі ғасырдан ғасырға жетіп, қазақпен бірге жасап келеді. Оның бұл күнге жетуінің өзі күйді құрметтеуші, тыңдаушы халықтың арқасы. Тыңдаушы ортаның сынынан өтіп, сан ғасырды артта қалдырып бізге жеткен күйдің құдіретін осыдан-ақ көруге болады. Сыншысы, тыңдаушысы мықты болғандықтан да, күйшілер күйді талғампаз тыңдарманның талабына сай, ерекше жауапкершілікпен тартқан, – деп біраз жайды баяндады. – Бір күйшіні іздеп жолға шыққанбыз. Сол маңайда тағы бір кісі бар екен. Барып сәлем бердік. «Пәлен деген күйші сізді көп нәрсе біледі» деген соң арнайы келдік дегенімде: «Ә, ол да күйші ме?» деп онша жақтырмады. Сөйтсек, атадан балаға мирас болып келе жатқан көне күйлерді таза, бұзбай орындайтындарды қазақ «домбырашы» деген екен. Ал естіген күйіне өзі бір-екі қақпай қосып орындайтындарды күйші дейді екен, – деп білімімізді толықтырды. Сағатбектің өзі жанынан күй шығарады. Әдемі орындайды. Әншілігін айттық. «Қарқара», «Жаңа ғасырға – жаңа ән», «Алатау» дейтін және басқа бірталай ән мен әуезін шығарған. «Сорос Қазақстан» қоры мен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваторияның ұйымдастыруымен өткен «Қазіргі қазақ әні» конкурсының жеңімпазы. «Шәкәрімнің толғауы» деген Шәкәрім шығармасына арнайы әуез шығарып, оны орындап, «Елім менің» IV республикалық патриоттық әндер конкурсында 1-орын иеленген. «Домбыраның үні мен үшін ерекше ыстық. Домбыраның тарихы, құрылымы қатты қызықтырып, оның құдіретті үнінің қалай және қайдан шығатынын білгім келді. Содан құрылымын, этимологиясын, қандай құрал-саймандардан тұратынын зерттеп, «Домбыра» атты кітап шығардым. Өз қолымнан домбыра да жасадым» деп мақтанып та қойды. Сағатбек Медеубекұлының О.Бейсенбекұлымен бірігіп шығарған «Сазда аспаптар сыры» кітабында талай дүние бар. Сахаң үшін біз мақтанамыз. Бұл – Сағатбектің өнерпаздығы!

5. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы ретінде Сағатбек Медеубекұлы болашақ журналистер корпусын даярлау ісіне белсене араласып жүр. Ілкіде «Қазақстандағы журналистика факультеттерін жауып тастау керек» деген шетін сөздің құлағы қылтиған. Соған қатысты ойын ортаға салғаны бар: – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті құрылғалы 80 жылдың жүзі болды. Республика бойынша бұқаралық

Елена ДУДИНОВА

кандидат филологических наук, доцент

Лариса МУХАМАДИЕВА

старший преподаватель факультета журналистики

КазНУ им. Аль Фараби

ДОМБРА ЖУРНАЛИСТА-УЧЕНОГО- ПЕДАГОГА

В определенном возрасте уже можно взять в руки автобиографию и разделить результаты жизненного пути, полученные регалии и звания, на две аккуратные колонки: что сделано для себя, а что для людей. И по второму списку судить о накопленном духовном капитале и значимости своей личности. В биографии декана факультета журналистики КазНУ имени аль-Фараби, Сағатбека Медеубека как раз вторая колонка занимает большее место: открытие памятников героям национально-освободительного движения 1916 года, переименование поселков, открытие школ и новых автобусных маршрутов для сельчан, проведение патриотических конкурсов и литературных кружков для детей и многое другое. Как это вписывается в образ университетского ученого, написавшего кандидатскую и докторскую диссертации, два десятка книг и три сотни научных статей?

О С.М. Медеубеке - публицисте, акыне, педагоге, хочется говорить, как о человеке, свободном от внешних показателей признания, хотя наград и достижений у него немало. Сағатбеку Медеубековичу – 60 лет. Пройден значительный отрезок жизни. Что было в силах поэта и гражданина, где осталась часть души и сердца? Более двадцати лет назад он написал книгу, посвященную домбре. Личность и жизненный путь Сағатбека Медеубековича можно сравнить с этим удивительным музыкальным инструментом. Его домбра разговаривает голосом человека, который любит жизнь, и данным ему талантом и дарованиями сохраняет все то лучшее, что есть в национальном сознании народа.

Источники души

Детство, отрочество, юность для каждого человека важные этапы становления души и характера. С.М. Медеубек родился 5 сентября 1958 года в селе Каркара Алматинской области. Еще ребенком начал слагать стихи, перекладывать их на музыку. С отличием окончил школу. Любовь к литературе привела в главный вуз страны – КазГУ имени С.М. Кирова. Преподаватели и сокурсники по факультету журналистики стали первыми ценителями зрелых стихов и песен. На лекции-концерты, которые Сағатбек готовил по заданию куратора, приходили именитые композиторы, радио и телевизионные ведущие: композитор Бейбит Далденбаев, ведущий программы «Терме» телеканала «Казахстан» Жаулыбай Иманалиев, ученики Гарифоллы Курмангалиева. Молодой студент активно участвовал в айтысах, музыкальных конкурсах.

После окончания вуза пришел в газету «Жетысу», корректировал журналистские тексты; затем пригласили редактором в издательство «Онер». Ценные рукописи и книги стали настоящим открытием для молодого юноши. Любовь к слову, поэзии, народному творчеству возродили дух искательства, заполнения белых пятен героической истории народа. Лингвистическая и литературная экспертиза ценных книг привела к написанию собственных. Одно за другим увидели свет научно-познавательные издания «Сундет той», «Сазды аспаптар сырлары», «Домбыра», «Ою хан и Жою хан», и другие.

Золотым фондом стали книги, открывающие миру духовную красоту и талант забытых поэтов: Болтирика Атыханулы, Мейирмана (Мейирим) Даркенбайулы, Мукатая Жылкайдарулы, Есбола Оспанбекова.

Поэзия и музыка слились воедино в этих произведениях. Через творчество поэтов, С. Медеубек воссоздавал полотна народной жизни, забот, чаяний, традиций, героических событий и свершений казахского народа.

Журналистика как образ жизни

Сагатбек Медеубек отдал журналистике значительную часть таланта и времени. Наряду с оперативными репортажами, статьями и корреспонденциями, с каждой командировки он привозил новые факты по закрытым историческим темам. Особенно много «копался» в истории восстания 1916 года и репрессий 1937 года. Колеся по далеким аулам и деревням, по крупицам собирал ценную информацию, свидетельства, письма, факты. А потом, имея на руках доказательства и архивные документы, добивался возрождения забытых имен: в 1987 году в Ереуілтөбе установили стелу памяти жертв национально-освободительного восстаний 1916 года, школам и улицам присвоили имена репрессированных в 1937 году акынов Майлы Орманова, Болтирик Атыханулы, композитора Капеза Байгыбылова.

Такая исследовательская журналистика является, по мнению С. Медеубека, важной частью призвания и сверхзадачей работников СМИ.

Академическая наука

Восьмидесятые годы связаны в судьбе С. Медеубека с Институтом литературы и искусства НАН РК имени М.О. Ауэзова, здесь билась науковедческая мысль, формировалась отечественная наука. Сагатбек Медеубекұлы прошел путь от аспиранта до старшего научного сотрудника. За годы работы на отделении фольклороведения он провел масштабную работу по сбору, систематизации и публикации произведений народных композиторов, собрал богатейшую фонотеку живых музыкальных выступлений. Выпустил сборники, первые в своем роде «Жетісудің күйлері», «Жетісу әуендері». Издания до сих пор используются в качестве учебников в музыкально-образовательных учреждениях Казахстана. Благодаря этим сборникам свет увидел творчество политически преследуемых певцов-композиторов, таких как: Кожеке Назарұлы, Мергенбай Ерденеұлы, Сыбанкул Калбасұлы, Елемес Таласбай, Косдаулет Нурмаганбетұлы, Ракыш Кожекеұлы, Шания Ракышұлы, Ясин Мамадинұлы, Омархан Керимкулұлы, Катип и других. В книгах С. Медеубека были опубликованы более ста ранее неизвестных кюев, легенд и песен.

В 1993 году защитил кандидатскую диссертацию, посвященную речитативу-терме казахской устной литературы, впервые ввел в научный оборот новое понятие. В итоге исследовательской работы в 1996 году увидела свет монография «Ақыл. Нақыл. Әсиет» («Ум. Назидание. Наставление»). В эти же годы С.М. Медеубек пишет и оформляет детские сказки, в которых доступным языком объясняет смысл казахских орнаментов, что помогает маленькому читателю увидеть и понять сокровенную глубину текста (книга «Ою хан мен Жою хан»). По просьбам читателей в 2006 году книга была переиздана на казахском, русском, английских языках.

В этот период С. Медеубек также руководил отделом Алматинской областной газеты «Жетісу» и отделом Елтану республиканского еженедельника «Ана тілі», которые занимались просветительской деятельностью.

Университетские поэмы

В 1997 году С. Медеубека приглашают на преподавательскую деятельность в Казахский национальный университет имени аль-Фараби. И здесь он также прошел ступени признания: рядовой преподаватель, заведующий кафедрой, декан факультета журналистики. Сегодня его знает весь журналистский Казахстан. Его выпускники – Жарас Сарсек, Жанарбек Ашимжан, Есей Женисулы, Гульбигаш Омарова, Гульнар Муканова, Гульзина Бектас, Алмат Есадил, Лайла Султанова, Толкын Жунисбай, Ренат Кертай, Бейбит Сарыбай, Канат Абдикадыр, Ерлан Абдиұлы и другие гордятся тем, что их учителем, наставником был большой мастер и человек.

Несколько лет назад С. Медеубек загорелся новой идеей – создать Энциклопедию 70-летней истории факультета журналистики. В итоге свет увидело иллюстрированное издание, овеянное именами великих выпускников и простых журналистов, пишущих историю большого Казахстана. В энциклопедии собраны не только имена и фотографии всех выпускников и педагогов факультета, начиная с 1934 года, но и архивные документы, свидетельства, легенды, байки и воспоминания о первом и лучшем казахстанском факультете журналистики.

Со свойственной ученому систематичностью и вниманием С. Медеубек изучает современную литературную работу, редакторскую, издательскую деятельность. Итогом становятся книги и учебные пособия, столь нужные современным студентам: «Басылымды редакторлық даярлау» (2014 год), «Шешенсоз (2015), Замансоз (2017), два тома Хрестоматии «Журналистік шеберлік: таным мен талғам» (2018). «Замансөз: генезис и типология» (2018), «Басылымды редакторлық әзірлеу ерекшеліктері» (2018).

Песня жить помогает

Сагатбек Медеубекұлы – поэт. Один из сборников носит удивительное название «Глаза – зеркало души». Романтичные и нежные строки ложатся на музыку. Песни Сагатбека «Каркара», «Алатау» поют знаменитые певцы современности как Рамазан Стамғазиев, Тилеулес Курманғалиев, Еркин Шукиман, Нуржан Жанпейісов и др. Композиция «Шәкәрім толғауы» заняла первое место на республиканском гражданско-патриотическом конкурсе «Елім менің». Все, кто бывает у С. Медеубекұлы дома, знает, как дорога ему его домбра, какой восхитительный голос рассказывает о таинствах души человека, равнодушного к прошлому, настоящему и будущему своего народа.

Кстати о будущем: у С. Медеубека трое прекрасных детей. Дочь Гульназ – филолог, сын Максат – докторант Национальной консерватории имени Курмангазы, автор первой трехязычной (русский, казахский, английский) электронной книги Kobuzbuk, лауреат международных музыкальных конкурсов и фестивалей. Младший сын Хангельди – артменеджер. Какая высокая преемственность идеалов и устремлений отца в этом ощущается. Пусть же звучит домбра Сагатбека Медеубекұлы, пусть рассказывает о важном и главном, как неиссякаемый природный ручей.

МАЗМҰНЫ:
МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР,
ЛЕБІЗДЕР, ЕСТЕГІЛЕР

ҮЛКЕНДЕР ЛЕБІЗІ		
Автор	Мақала атауы	Беті
Шәлдибекқызы Т.	Сүйер ұлың болса...	
Қалижанов У.	Ұлт руханиятының жанашыры	
Асқаров Ә.	Сағатбек жаңғыртқан Алтай жолы	
Ақыш Н.	Назарымдағы тұлға	
Садықов С.	Ақ қанатты армандардың алтын ұясы	
Матыжанов К.	Сөзінен ісі озық азамат	
Шапай Т.	Өшкеннің шоғын үрлеген	
Қабылғазина К.	Педагогикадағы тәлімгерлік тәсілдер хақында	
Мухатаева К., Сейтжанова Ж.	Дүрсiлiңмен түртіп оят күн елiн...	
ҚАТАРЛАСТАР БАҒАСЫ		
Жайлыбай Ғ.	Аспанғау рухының шырақшысы	
Жүсіп Н.	Алтын сақа	
Қорғасбек Ж.	Атасы қазақ, әкесі – Қазақ ұлттық университеті	
Жақып Б.	Сегіз қырлы, бір сырлы дос туралы сөз	
Құрманбайұлы Ш.	Сөзгер	
Бердібай А.	Қарқара, айналайын келбетіңнен... <i>(Қаламгер-ұстаз С.Медубекұлының әндері туралы)</i>	
Дудинова Е.И., Мухамадиева Л.И.	Домбра журналиста-ученого-педагога	
ШӘКІРТТЕР ЫҚЫЛАСЫ		
Қыйқымов О.	Тайында озған құнаннан...	
Сәрсек Ж.	Жоқшы	
Әшімжан Ж.	Қарқараның әр тасы тұнған тарих...	
Дүгбаева Н.С., Есенбек Ж.Б	Қарқарадан қадам басқан қара нар	
Мыңжасарқызы Д.	Қазақ журналистикасының басты кемшілігі – жалтақтық.	
Бектас Г.	Ардақүрең	
Данаева Н.Т.	Алтын қазыналы ғалым, ұстаз һәм журналист	
Ахметова Г.	Журналистік шеберлік	
Көлжігіт А.	Ұстаз – ұлы есім	
Елғондинова А.	«Сияр ма екен тоқтаса, жұмыр жерге жүрегім...»	
Қойтай Ж.	Алтын қазық	
Тыныбек А.	Ұстазым	
Жарқын Т.	Сағатбек ағай	
ӨЗГЕ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР		
Қозыбаев С.	Этюды на полях	
Бекболатұлы Ж.	Дипломат - ұстаз	
Аргынбаева М.Х	Медиатренды в Казахстане	
Шыңғысова Н.Т.	«Рухани жаңғыру» бағдарламасын ақпараттық колдаудағы БАҚ рөлі	
Муканова Г.	Тюркизмы на карте евразии: новые археографические находки ученых КазНУ	
Нода Л.П.	Журналистика и истина: исторические реалии	
Рожков А.В.	Рефлексия современной медиареальности	
Құрманбаева А., Белғараева А., Нұрманова М.	Білім мен ғылым негіздері - құранда	

Садуакасов А., Слямова А.	Дағдарыс жағдайындағы БАҚ жұмысы: Таяу Шығыстағы дағдарыстар негізінде	
Кеңесбаева Ш.С.	Шәкәрім Құдайбердіұлының публицистикасы	
Каримова Б.Ж., Жұмағұлова Ә.М.	Шәкәрім Құдайбердіұлының журналистік қызметі	
Жұмағұлова Ә.М., Каримова Б. Ж.	Газет дискурсындағы прецеденттік бірліктер қолданысы	
Кузембай А.	Основные аспекты формообразования манхва и ее развитие в 21 веке	
Солтанаев С.	Общность в истории и культуре казахов и ирландцев: проблемы языка и национальной идентичности	
Керимханова А.	Социальные сети как транслятор гражданских инициатив	
Қастай Д.	I. Ғұмырлық жолашар: тіл мінберіндегі перзенттік серт; II. Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» повесіндегі психологиялық аспектілер және автордың кейіпкер жан-дүниесін сипаттаудағы шеберлігі	
Кукатова Г.	Коллаборация новых медиа и телевидения в Казахстане	
Ибрайымов А.	«Алпамыс батыр» мен «Байбөрі баласы Алып Бамсы» жырының ұқсастықтары	

Ғылыми басылым

Журналистика факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сағатбек Медеубекұлының 60 жас мерейтойына орай өткізілген

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ЗАМАНСӨЗДЕГІ ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ
ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК» атты
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы, Қазақстан, 3 қараша, 2018 жыл

ИБ № 12343

Басуға 26.10.2018 жылы қол қойылды. Формат 60x84 ¹/₁₆.

Көлемі 12,0 б. т. Тапсырыс №6714. Таралымы 150 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

